

## Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1794. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.02.18. N 231 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 71 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 13 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін. <\*>
3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі

орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобилі лимиті белгіленсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2 және 3-тармақтарға өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.10.24. N 1293 қаулысымен.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қазандағы N 1102 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1102 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 ақпандағы N 155 қаулысы.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы  
19 желтоқсандағы  
N 1794 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі  
министрлігі орталық аппаратының  
Құрылымы

Басшылық  
Өндірісті дамыту бас басқармасы  
Қаржы-экономика басқармасы  
Инвестициялық саясат басқармасы  
Техникалық саясат бөлімі  
Мұнай-газ кешені үшін машина жасауды ұйымдастыру және  
дамыту жөніндегі секторы

<\*>

Ұйымдастыру-кадр жұмысы секторы  
Әкімшілік-шаруашылық бөлімі  
Ескерту. Қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.04.08.  
N 404 қаулысымен.